

## Күршім ауданының Боран ауылына ветеринариялық режим белгілеу туралы

### Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 27 шілдедегі N 2177 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 16 тамызда N 5-14-133 тіркелді. Күші жойылды - Күршім ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 қарашадағы N 2339 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Күршім ауданы әкімдігінің 2011.11.30 N 2339 қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасына және «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес, Күршім ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Күршім ауданының Боран ауылындағы ұсақ малдары арасында сарып ауруы шығуына байланысты, шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасына жеке және занды тұлғалармен орындауға міндетті санитарлық-эпидемиологиялық іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Боран ауылдық округінің әкіміне шектеу белгіленген аумақтан немесе аумаққа ауыл шаруашылығы жануарларын әкелу және осы аймақтан алып кету, ауыл шаруашылығы жануарлары шикізаттарын, өнімдерін дайындау және өткізу, еңбекті ұйымдастыру және басқа да әкімшілік шаруашылық шараларды Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамаларда белгіленген ережелерді сактай отырып жүргізу тапсырылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Д. Әлхановқа жүктелсін.

5. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауданы  
міндеттін уақытша атқарушы  
Келісілді:

Күршім ауданы әкімінің

M. Қалев

*К Р Д С М М С Э К К Ш К О  
департаментінің Құршым  
ауданы бойынша басқармасының  
бастығы М. Садуакасова*  
*26.07.2011 ж.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК